


**БЕКІТЕМІН**  
**«Қазақстан Республикасының**  
**Тұңғыш Президенті – Елбасының**  
**кітапханасы» мемлекеттік мекемесінің**  
**директоры**



Темірболат Б.Б

» 14 сәуір 2021 жыл

**«Қазақстан жаһандық әлемде:  
ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары»  
атты ашық республикалық ғылыми мақалалардың конкурсы туралы  
Ереже**

### 1. Негізгі ережелер

1. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан жаһандық әлемде: ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары» атты ашық республикалық ғылыми мақалалар конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізеді.

2. Конкурс Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мерейтойлық іс-шаралар шеңберінде өткізіледі.

3. Конкурс келесі бағыттарда өтеді:

1) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының стратегиялық бастамаларын қазіргі заманғы ұлттық және жаһандық сын-қатерлер мен трансформациялар тұрғысынан қайта ойластыру;

2) мемлекеттік басқару органдары мен сарапшылар қауымдастығы үшін практикалық ұсыныстар әзірлеу;

3) ғылыми жарияланымдар мен зерттеулердің сапалық деңгейін арттыру;

4) қазақстандық ғылыми орта мен ғылыми пікірлерді қалыптастыру және дамыту.

4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметі туралы ақпарат кітапхана сайтында орналастырылған [www.presidentlibrary.kz](http://www.presidentlibrary.kz) және YouTube порталы (арна: Тұңғыш Президент кітапханасы).

## 2. Конкурс шарттары

5. Конкурсқа қатысуға қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып жүрген магистранттар мен докторанттар шақырылады.

6. Конкурстық мақалалар 10 Балдық шкала бойынша бағаланады.

7. Ғылыми мақаланың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Ғылыми мақала келесі бөліктерден құрылуы қажет:

- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- ұсыныстар мен ұсынымдар.

2) Мақаланың мазмұны:

- конкурстың тақырыбы мен мақсатына сәйкес болуы керек;
- шынайы болуы қажет;
- өзекті ақпараттарды қосу міндетті;
- мәселенің тұжырымдамасын көрсету;
- ұлттық және халықаралық тәжірибе кейстерін ашу;
- практикалық маңыздылығы мен құндылығын көрсету;
- ұсыныстар, идеялар мен ұсынымдарды көрсету қажет.

3) Ғылыми мақаланың қорытынды бөлігінде мемлекеттік органдар мен сарапшылар қоғамдастығы үшін саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, халықаралық және басқа да салалардағы ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселелері бойынша тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар қамтылуға тиіс.

8. Конкурсқа қатысу үшін бұрын ғылыми басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбаған қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар қабылданады.

9. Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар негіз болып табылады:

- 1) осы Ережеге қоса берілген қосымшаға сәйкес өтінім-сауалнама;
- 2) конкурстық мақала;
- 3) жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;
- 4) оқу орнынан берілген анықтама.

## 3. Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар

10. Конкурсқа бір авторлық ғылыми мақала қабылданады. Ғылыми мақаланың түпнұсқалығы 85% - дан кем болмауы қажет.

11. Ғылыми мақаланың аннотациясы 150 сөзден артық болмауы керек. Аннотациядан кейін – 6-8 кілт сөз. Мақала көлемі – 2000 сөзден кем емес және 3000 сөзден артық емес.

12. Ресімдеу: TNR шрифті, 14 кегль, 1 жоларалық интервал, азат жол: (жоғарғы, төменгі, сол, оң) - 2 см.

13. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі алфавиттік тәртіппен жазылады.

14. Автор туралы мәліметтер мақаланың атауынан кейін көрсетіледі: автордың толық аты-жөні, бұдан әрі – ресми түрде ЖОО-ның атауы, қаласы, мәртебесі (магистрант, докторант), e-mail және байланыс телефоны.

#### 4. Конкурсты өткізу мерзімдері

15. Конкурс 2021 жылғы 15 наурыздан 30 маусымға дейін өткізіледі. Қорытындысы 2021 жылғы 10 қыркүйекте шығарылатын болады.

16. Конкурстық комиссия «Қазақстан жаһандық әлемде: ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары» ғылыми мақалалар конкурсына» деген белгісі бар мақалаларды zhaiseibayeva\_dkh@plibrary.kz. электрондық поштаға қабылдайды. Байланыс телефондары: +77029171450, + 77015183584.

17. Конкурс жүлдегерлері Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасына ресми марапаттау рәсіміне шақырылады.

#### 5. Конкурстық комиссия

18. Конкурстық комиссияның құрамы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

19. Конкурс жеңімпаздарын анықтау ашық рейтингтік дауыс беру арқылы жүргізіледі. Сырттай дауыс беру үшін де рұқсат беріледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

20. Конкурс жеңімпаздарын анықтау кезінде 3 жүлделі орын белгіленеді: I, II және III дәрежелі дипломдар және ынталандыру сыйлықтары.

21. Жеңімпаздардың жұмыстары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ресми сайтында және басқа да ақпараттық ресурстарда жарияланады.

22. Ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі бірегей идеяларды қамтитын қолданбалы сипаттағы жұмыстардың авторлығын көрсете отырып, одан әрі зерделеу үшін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне жіберілетін болады.

«Қазақстан жаһандық әлемде:  
ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары»  
атты ашық республикалық ғылыми мақалалардың  
конкурсы туралы Ережеге қосымша

«Қазақстан жаһандық әлемде:  
ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары»  
атты ашық республикалық ғылыми  
мақалалардың конкурсына қатысу үшін  
Өтінім – сауалнама

Қатысушының тегі, аты-жөні (толық) \_\_\_\_\_

Туған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

ЖОО – ның атауы \_\_\_\_\_

Статусе (магистрант, докторант) \_\_\_\_\_

Конкреттық жұмыстың атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысу шарттарымен келісемін

\_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ )

қолы

Аты-жөні

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 жыл

*Ескерту: Өтінімнің барлық бағандарын толтыру міндетті. Өтінім сканерден өткізіліп, жоғарыда көрсетілген электрондық поштаға жіберілуі тиіс (п. 4.2).*